

«Самұрық-Қазына» АҚ  
Басқармасының шешімімен  
«бекітілген»

Басқарманың  
2016 жылғы \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хаттамасына  
№ \_\_\_\_\_ қосымша

«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару  
стандарты. Әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі  
бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу

## Мазмұны

<u>1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР</u> .....	<u>3</u>
<u>1-бап. Қолданылу саласы</u> .....	<u>3</u>
<u>2-бап. Әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу қағидаттары</u> ....	<u>3</u>
<u>3-бап. Айқындамалар</u> .....	<u>3</u>
<u>2-тарау. ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІ БІЛІКТІЛІГІ БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ</u> <u>5</u>	<u>5</u>
<u>4-бап. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу тәртібі</u> .....	<u>5</u>
<u>5-бап. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуден өтуге байланысты шектеулер</u> .....	<u>7</u>
<u>6-бап. Әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін жинау және талдау</u> .....	<u>7</u>
<u>7-бап. Әлеуетті өнім берушіні сауалнамадан өткізу</u> .....	<u>8</u>
<u>8-бап. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін қарау және бағалау</u> .....	<u>8</u>
<u>9-бап. Аудит өткізу</u> .....	<u>8</u>
<u>10-бап. Біліктілігі алдын ала анықталған әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру</u> .....	<u>10</u>
<u>11-бап. Біліктілігі алдын ала анықталған әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне өзгерістер енгізу</u> .....	<u>10</u>
<u>12-бап. Шарттардың орындалуы туралы есептер</u> .....	<u>11</u>

## 1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-бап. Қолданылу саласы

1. «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару жөніндегі стандарты. Әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу жүргізу (бұдан әрі – Стандарт) Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы №125 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару жөніндегі саясатына сәйкес әзірленді.

2. Осы Стандарт әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуге, Холдингтің білікті әлеуетті өнім берушілерінің тізбесін қалыптастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды анықтайды.

### 2-бап. Әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу қағидаттары

1. Әлеуетті өнім берушілерді біліктілігі бойынша алдын ала іріктеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) әлеуетті өнім берушілерге біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу рәсіміне қатысу үшін бірдей мүмкіндік беру;
- 2) сатып алу тиімділігін арттыру;
- 3) әлеуетті өнім берушілерді (өнім берушілерді) шығындарды азайту, сапалы, техникалық және пайдалану ерекшеліктерін жақсарту және дамытуға бағдарлау;
- 4) Өнім берушінің біліктілікті алдын ала іріктеуден өту кезінде ұсынылған құжаттар мен ақпарат үшін жауапкершілігі.

### 3-бап. Айқындамалар

Осы Стандарт ішінде келесі анықтамалар қолданылады:

1) **«А1» сауалнамасы** - сыншылдықтың бірінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болмайтын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі (Стандартқа №1 қосымша);

2) **«А2» сауалнамасы** - сыншылдықтың бірінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болатын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі (Стандартқа №2 қосымша);

3) **«В1» сауалнамасы** - сыншылдықтың екінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болмайтын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі (Стандартқа №3 қосымша);

4) **«В2» сауалнамасы** - сыншылдықтың екінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болатын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі (Стандартқа №4 қосымша);

5) **«С1» сауалнамасы** - сыншылдықтың үшінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болмайтын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі (Стандартқа №5 қосымша);

6) **«С2» сауалнамасы** - сыншылдықтың үшінші деңгейіндегі тауарларды, жұмыстарды, және қызметтерді сатып алуға қатысуға үміткер, қызметі технологиялық жабдықты қолданумен байланысты болатын әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарының тізбесі (Стандартқа №6 қосымша);

7) **Аудит** – әлеуетті өнім берушінің Алдын ала біліктілігі бойынша іріктеу шеңберіндегі біліктілік критерийлеріне сәйкестігін анықтау мақсатында ақпаратты (мәліметті) алуға бағытталған шаралар кешені (үстел аудиті, көшпелі верификациялық аудит, техникалық аудит);

8) **Әлеуетті өнім берушінің құжаттамасы** - білікті әлеуетті өнім беруші туралы құжаттар мен ақпараттың жиынтығы;

9) **Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы** – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы тікелей меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тиесілі болатын ұйым;

10) **ТЖҚ БНА** - Холдингің тауарларының, жұмыстарының және қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы;

11) **Тапсырыс беруші** – Қор немесе Холдингке кіретін ұйым;

12) **БІ АЖ** – Стандартқа сәйкес әлеуетті өнмі берушідерді Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

13) **Біліктілік критерийлері** – Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу үшін әлеуетті өнім берушіге қойылатын талаптар жиынтығы;

14) **Біліктілік орган** – осы Стандартқа сәйкес әлеуетті өнім берушілердің алдын ала біліктілігі бойынша іріктеуін жүзеге асыратын Қор Басқармасы белгілеген заңды тұлға;

15) **Сәйкессіздік** – біліктілік критерийлерінің талаптарын орындамау;

16) **Номенклатура** – Қордың бірінші деңгейдегі еншілес ұйымы Стандартқа №7 қосымша болып табылатын Сыншылдық деңгейін анықтау ұсынымына сәйкес бекітетін Тапсырыс берушілер сыншылдық деңгейін көрсете отырып, сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің номенклатурасы. Қор сатып алатын сатып алатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің номенклатурасын Стандартқа №7 қосымша болып табылатын Сыншылдық деңгейін анықтау ұсынымына сәйкес Қордың алқалық атқарушы органының шешімімен бекітіледі;

17) **ҰКП** – «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

18) **Ұйым** – Ұйымдар тізбесіне қосылған көшпелі верификациялық аудит және техникалық аудитті өткізу үшін тартылатын ұйым;

19) **Мүгедектер ұйымы** (жеке тұлғалар - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер ) – Холдингің мүгедектер ұйымдарының тізбесінде тұрған әлеуетті өнім беруші(жеке тұлғалар - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер ) ;

20) **Аудитті жүргізу туралы есеп** – жүргізілген Аудиттің нәтижелері бойынша құжаттамаланған қорытынды;

21) **Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілер тізбесі** – Стандартқа және осы Регламентке сәйкес Біліктілік орган қалыптастыратын тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің әлеуетті өнім берушілерінің тізбесі;

22) **Холдингің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесі** – Холдингің сенімсіз өнім берушілері (өнім берушілері) туралы бір жүйеге келтірілген мәлімет;

23) **2016 сатып алу қағидалары** - «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен, № 126 хаттама, бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-на тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидалары;

24) **Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу** – Аудит және сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылатын осы Стандартта белгіленген Біліктілік критерийлері талаптарына әлеуетті өнім берушілердің сәйкестігін бағалау процесі;

25) **Өнім беруші** – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум).

26) **Әлеуетті өнім беруші** – сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда). Осы ұғым осы Стандартқа қолданылады.

27) **Аудит өткізу жөніндегі нұсқама** – Біліктілік органның басқару органымен бекітілетін Аудиттерді жүргізу нәтижелері бойынша есептілікті ұсыну, әлеуетті өнім берушілердің Аудитті жүргізу тәртібі;

28) **Білікті әлеуетті өнім берушінің рейтингі** – біліктілікті алдын ала іріктеу нәтижелері бойынша АБІ АЖ-не әлеуетті өнім берушіге берілетін баллдардың жалпы жиынтығы;

29) **Сәйкестік** – біліктілік критерийлерінің талаптарын орындау;

30) **Технологиялық жабдық** – тауарларды шығару, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетудің технологиялық процесіне тікелей тартылған немесе технологиялық процестерді автоматтандырылған басқаруды жүзеге асыратын машиналар, аппараттар, қондырғылар;

31) **Тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сыншылдық деңгейі** – Холдингке кіретін ұйымдардың қызметіне құны мен тағайындалуын ескере отырып Стандартқа №7 Қосымшасы болып табылатын сыншылдық деңгейін анықтау жөніндегі Ұсынысқа сәйкес тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің санаты бойынша анықталады;

32) **Қор** – «Самұрық-Қазына» АҚ;

33) **Холдинг** – Қор мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік – өзге заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы әрбір кейінгі заңды тұлғаға меншік құқығында тиесілі болуын білдіреді;

34) **ЭЦҚ** – электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен құрылған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық таңбалардың жиынтығы.

Осы бапта көрсетілмеген өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасыда, Қордың сатып алу қызметін басқару жөніндегі Саясатында және Стандарттарында анықталатын мәндерде қолданылады.

## **2-тарау. ӘЛЕУЕТТІ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІ БІЛІКТІЛІГІ БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ІРІКТЕУ**

### **4-бап. Біліктіліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу тәртібі**

1. Біліктіліктілігі бойынша алдын ала іріктеу сатып алу мерзімдерін оңтайландыру және Тапсырыс берушілер сатып алуды жүргізу кезінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасын арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

2. Біліктіліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді осы Стандарттың талаптарына сәйкес Біліктілік орган жүзеге асырады.

3. Біліктіліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу кезінде әлеуетті өнім берушілердің келесі біліктілік критерийлеріне сәйкестік деңгейі анықталады:

1) құқықтық құрамдас бөлігі және әлеуетті өнім берушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру;

2) Холдингтің әлеуетті өнім берушілерін дамытуды қолдау критерийі;

3) әлеуетті өнім берушінің ресурстары;

4) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасын қамтамасыз ету;

5) жобалар мен тәуекелдерді басқару;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау;

7) қоршаған ортаны қорғау;

8) қосымша салалық критерийлер (Авиация саласы, Темір жол саласы, Тамақ өнеркәсібі, Телекоммуникациялық сала, Мұнай-газ және энергетикалық салалар, Теңіз саласы).

4. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуден өткен әлеуетті өнім берушілердің сәйкестік деңгейін анықтау үшін, біліктілік критерийлеріне біліктілік критерийдің жалпы санына

әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерінің расталған сәйкестіктерінің пайыздық арақатынасы көрсетілетін тиісті диапазондар қолданылады.

<b>Р/с №</b>	<b>Біліктілік критерийіне сәйкестік деңгейі</b>	<b>Сәйкестік диапазондары</b>
1	Сәйкес келмейді	25% дейін қоса алғанда ( $0\% \leq X \leq 25\%$ )
2	Ең аз сәйкестік	25% астам 50% дейін қоса алғанда ( $25\% \leq X \leq 50\%$ )
3	Орташа сәйкестік	50% астам 75% дейін қоса алғанда ( $50\% \leq X \leq 75\%$ )
4	Сәйкес келеді	75% астам ( $75\% \leq X \leq 100\%$ )

5. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу осы баптың 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақылы негізде жүзеге асырылады.

6. Төлем туралы талап, тартылатын Ұйымдардың қызметтерін төлеуді қоспағанда, мүгедектер ұйымдарына (жеке тұлғалар – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер) қолданылмайды.

7. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу процесі мыналарды қамтиды:

- 1) әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін жинау және талдау;
  - 2) әлеуетті өнім берушілерге сауалнама жүргізу;
  - 3) Аудит өткізу;
  - 4) Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесін жасау;
  - 5) Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне өзгерістер енгізу.
8. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу АБІ АЖ-де жүзеге асырылады. Бұл ретте АБІ АЖ-дегі барлық іс-қимылдарға тиісті уәкілетті тұлғалардың ЭЦҚ қойылуы тиіс.

9. Қазақстан Республикасының бейрезидент-өнім берушілері біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуден өткен кезде Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды немесе қазақ немесе орыс тілдеріне (қажет болған кезде заңдастырылған немесе апостильдендірілген) нотариалды куәландырылған аудармасы бар ұқсас мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсынады. Қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аударманы ұсыну бойынша талаптар құқықты белгілеуші құжаттар, мемлекеттік немесе басқа уәкілетті органдар және мекемелермен берілген құжаттарға қатысты болады.

#### **5-бап. Біліктілік бойынша алдын ала іріктеуден өтуге байланысты шектеулер**

1. Әлеуетті өнім берушілер егер:

- 1) әлеуетті өнім беруші Холдингтің сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде және/немесе Мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушыларының тізілімінде және/немесе Жалған кәсіпорынның тізбесінде тұрса;
- 2) әлеуетті өнім беруші және/немесе оның басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесінде тұрса біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуге жіберілмейді.

#### **6-бап. Әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін жинау және талдау**

1. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу рәсімін бастау үшін әлеуетті өнім беруші АБІ АЖ-не тіркелуі керек, пайдаланушы келісіміне қол қойып, АБІ АЖ арқылы Біліктілік органға №8 қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші (деректемелері, заңды мекенжайы, бірінші басшы туралы ақпарат, мәртебесі және өзгелері) туралы негізгі мәліметтерді қамтитын өтінішті, сондай-ақ ТҚЖ БНА-ға сәйкес жеткізілетін (шығарылатын) тауарлардың, орындалатын қызметтердің тізбесін жолдауы, оның ішінде

егер әлеуетті өнім берушінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай құжаттардың болуын талап етсе, рұқсат құжаттарын (лицензиялар, рұқсаттар, рұқсатнамалар, сертификаттар және өзгелері) беруі тиіс.

Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші жеткізілетін (шығарылатын) тауарлар, орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер тізбесін қалыптастыру кезінде біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуді жүргізу процесінде растау құжаттары мен мәліметтерді ұсыну қажеттілігін ескеруі қажет.

2. Әлеуетті өнім берушілер Өтініште көрсетілген мәртебеге ие бола алады, оның ішінде:
  - 1) Тауар өндіруші;
  - 2) Мүгедектер ұйымы.
3. Біліктілік орган әлеуетті өнім берушінің Өтінішін, Өтініш берілген күннен бастап 3 (үш) күннен астам емес мерзім ішінде қарайды.
4. Біліктілік орган әлеуетті өнім берушіден Өтініште көрсетілген құжаттар мен мәліметті сұратуға, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттар және (немесе) мәліметтердің дұрыстығы мен анықтығын тексеру мақсатында мемлекеттік және өзге де органдарға сұрату жолдауға құқылы. Бұл ретте, Өтінішті қарау мерзімі сұратуларды жолдау және олар бойынша құжаттар және/немесе мәліметтер алғанға дейін уақытша тоқтатылады.
5. Сыншылдық деңгейі әлеуетті өнім беруші Өтінішінде ұсынған тауарлардың, жұмыстардың мен қызметтердің тізбесін Номенклатуралармен салыстыру арқылы анықталады.
6. Сыншылдық деңгейін анықтау кезінде әлеуетті өнім беруші жеткізілетін (шығарылатын) тауарлар, орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтердің тізбесін өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы болады.
7. Егер әлеуетті өнім берушінің жеткізілетін тауарлары, жұмыстары мен қызметтері сыншылдықтың әртүрлі деңгейіне жатқызылса, онда әлеуетті өнім берушінің сыншылдық деңгейі сыншылдықтың ең жоғары деңгейі бойынша анықталады.
8. Әлеуетті өнім беруші тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің анағұрлым төмен сыншылдық деңгейі бар Номенклатураларды таңдау арқылы сыншылдықтың берілетін деңгейін түзетуге құқылы.
9. Біліктілігі бойынша алдын ала іріктеу рәсімдерін өткізуді жоспарлау келіп түскен Өтініштер негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Біліктілік органы Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде кемінде 2 (екі) білікті әлеуетті өнім беруші болатын, жеткізілетін (шығарылатын) тауарлардың, орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің тізбесін ұсынған әлеуетті өнім берушілерге қатысты Біліктілікті алдын ала іріктеуді бірінші кезекті тәртіпте жүзеге асырылады.
10. Біліктілік орган Өтінішті қарау қорытындылары бойынша әлеуетті өнім берушіні біліктілігі бойынша алдын ала іріктеуден өтеу өту тәртібі туралы хабардар етеді.
11. Әлеуетті өнім берушіге берілген сыншылдық деңгейіне қарай Біліктілік орган әлеуетті өнім берушінің біліктілігін алдын ала іріктеу туралы тиісті шартты жасайды.

### **7-бап. Әлеуетті өнім берушіні сауалнамалардан өткізу**

1. Әлеуетті өнім берушіге берілген сыншылдық деңгейіне сәйкес Біліктілік орган әлеуетті өнім берушіге сауалнама жолады.
2. Әлеуетті өнім беруші сауалнаманы Біліктілік орган жіберген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен (А1 және А2 сауалнамалары үшін), 15 (он бес) жұмыс күнінен (В1 және В2 сауалнамалары үшін), 20 (жиырма) жұмыс күнінен (С1 және С2 сауалнамалары үшін) аспайтын мерзімде қазақ немесе орыс тілінде толтырып, жолауы тиіс.
3. Егер әлеуетті өнім беруші осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімде қол қойылған сауалнаманы ұсынбаса, Біліктілік орган әлеуетті өнім берушіге біліктілікті

алдын ала іріктеу ресімін өткізуден бас тартады. Бұл ретте, әлеуетті өнім беруші біліктіліктілігі бойынша алдын ала іріктеуден өтуге қайтадан Өтініш жолдауға құқылы.

4. Әлеуетті өнім беруші ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығына жауап береді.

### **8-бап. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін қарау және бағалау**

1. Әлеуетті өнім берушінің сауалнамалық деректерін қарау және бағалау «А1» Сауалнамасын алған күннен 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын / «А2» сауалнамасын және «В1» Сауалнамасын алу күнінен 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын / «В2» және «С1» сауалнамаларын алу күнінен 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын / «С2» сауалнамасын алу күнінен 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде Аудит арқылы жүзеге асырылады.

2. Біліктілік орган:

- әлеуетті өнім берушіден салыстыру ресімдері үшін ол сауалнама құрамында ұсынған құжаттардың түпнұсқаларын және/немесе құжаттардың нотариалды расталған көшірмелерін сұратуға;

- сауалнамада көзделген біліктілік критерийлерінің талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар мен мәліметтерді сұратуға;

- әлеуетті өнім берушілер ұсынған құжаттардың және (немесе) мәліметтердің дұрыстығы мен анықтығын тексеру мақсатында мемлекеттік және өзге органдарға сұраулар жолдауға құқылы.

Бұл ретте сауалнамалық деректерді қарау және бағалау мерзімі сұрауларды жолау және олар бойынша құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алу кезеңіне уақытша тоқталады.

### **9-бап. Аудит өткізу**

1. Аудит Аудит өткізу жөніндегі нұсқаумен сәйкес өткізіледі.

2. Аудит түрлері:

1) үстел аудиті;

2) көшпелі верификациялық аудит;

3) техникалық аудит.

3. Үстел аудиті әлеуетті өнім берушінің алаңына шықпай, қызметі технологиялық жабдықтарды пайдаланумен байланысты емес сыншылдықтың бірінші деңгейлі немесе екінші деңгейлі әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтердің біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестігін анықтау арқылы жүзеге асырылады.

4. Көшпелі верификациялық аудит қызметі технологиялық жабдықты пайдаланумен байланысты сыншылдықтың екінші дейгейлі әлеуетті өнім берушінің және қызметі технологиялық жабдықты пайдаланумен байланысты емес сыншылдықтың екінші деңгейлі әлеуетті өнім берушісінің алаңында жүзеге асырылатын құжаттар мен мәліметтерді кешендік тексеру арқылы жүргізіледі.

5. Техникалық аудит негізгі өндірістік процестерді қоса алғанда, әлеуетті өнім берушінің алаңында жүзеге асырылатын стандарттарға, техникалық шарттарға және басқа нормативтік құжаттарға сәйкестігін сараптауды қоса алғанда, қызметі технологиялық жабдықтарды пайдаланумен байланысты сыншылдықтың үшінші деңгейлі әлеуетті өнім берушінің құжаттары мен мәліметтерін кешендік тексеру арқылы жүзеге асырылады.

6. Көшпелі верификациялық аудит пен техникалық аудитті жүргізу үшін Біліктілік орган Ұйымды тартуға құқылы:

7. Көшпелі верификациялық аудит/техникалық аудит Ұйыммен әзірленген және әлеуетті өнім берушімен және Біліктілік органымен келісілген шарт, техникалық міндеттер мен аудит жоспары негізінде өткізіледі.

8. Аудит нәтижелері бойынша Ұйымның және/немесе Біліктілік органның уәкілетті өкілі



қол қоятын Аудит өткізу туралы есеп қалыптастырылады. Аудитті жүргізу туралы есепте біліктілік талаптарына сәйкес растаушы құжаттары болатын ТЖҚ БНА кодтары көрсетіліп, біліктілік критерийлерінің талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі көрсетіледі. Көшпелі верификациялық немесе техникалық аудит нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді анықтау кезінде жақсарту жөніндегі ұсыныстар әзірленеді.

9. Үстел аудиті кезінде сәйкессіздік болған жағдайда әлеуетті өнім беруші жақсарту жөніндегі ұсыныстарды алған күннен 20 (жиырма) күнтізбелік күннің ішінде сауалнамалық деректерді сәйкестікке келтіруге және АБІ АЖ арқылы Біліктілік органына жолауға құқылы. Біліктілік орган деректерді түзеткеннен кейін біліктілік талаптарына әлеуетті өнім берушінің сәйкестік деңгейін түзетеді және әлеуетті өнім берушінің құжаттамасына тиісті өзгерістер енгізеді. Сауалнамалық деректердің көрсетілген сәйкестікке келтіруі бір рет жүзеге асырылады.

10. Ұйым ұсынған жақсарту жөніндегі ұсыныстар болған жағдайда, әлеуетті өнім беруші түзетуші іс-шараларды өткізуге және растау құжаттарын қоса беріп, Аудит өткізу жөніндегі нұсқамада көзделген түзетуші іс-шараларды орындау туралы есепті ұсынуға құқылы. Көшпелі верификациялық аудит нәтижелері бойынша түзетуші іс-шаралар мерзімі 60 (алпыс) күнтізбелік күннен, техникалық аудит нәтижелері бойынша жақсарту жөніндегі ұсыныстарды алу күнінен 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Түзетуші іс-шараларды орындау туралы есепті қарау нәтижелері бойынша Біліктілік орган Аудит өткізу туралы шешімді дербес немесе Ұйымды тарту арқылы қабылдауға құқылы. Түзетуші іс-шаралардың нәтижелері бойынша Аудит өткізу талаптары тиісті шартпен және техникалық тапсырмамен анықталады.

12. Біліктілік орган әлеуетті өнім берушілердің техникалық аудитін жүзеге асыру кезінде ҰКП және/немесе Тапсырыс берушінің (Тапсырыс берушілердің) тарапынан бақылаушыларды тартуға құқылы.

13. ҰКП, Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушілер) техникалық Аудит өткізу басталғанға дейін 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бақылаушылардың деректерін көрсетіп, Біліктілік органына хат жолдайды. Техникалық аудитті жүргізуге қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ҰКП, Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушілер) Біліктілік органына себептерді негіздеп, хат ұсынады.

14. ҰКП, Тапсырыс беруші (Тапсырыс берушілерді) көрсетілген мерзімде өкілдерінің кандидатурасын ұсынбаған жағдайда, техникалық аудит бақылаушылардың қатысуынсыз өткізіледі.

15. Бақылаушылар техникалық Аудит өткізудің барлық кезеңдерінде аудиторлық топқа ілесіп жүруге, құжаттармен танысуға, сұхбат өткізу кезінде қатысуға құқылы.

16. Бақылаушы Біліктілік органына Аудит өткізу туралы есепке қосылатын техникалық аудитті аяқтау қорытындысы бойынша ұсыныстарды беруге құқылы.

17. Бақылаушылардың ұсыныстары Өтінішпен, техникалық аудит өткізу туралы есеппен және басқа құжаттармен қатар әлеуетті өнім берушінің құжаттамасына енгізіледі.

#### **10-бап. Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру**

1. Әлеуетті өнім берушіні біліктілігі Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізіу Біліктілік органның уәкілетті тұлғасымен келісілген Аудит өткізу туралы есеп негізінде жасалады. Бұл ретте, жеткізілетін (шығарылатын) тауарлардың, орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің тізбесіне әлеуетті өнім берушімен заңнамамен және осы Стандартпен көзделген растаушы құжаттар мен мәліметтер берілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер енгізіледі.

2. Аудит өткізу туралы есепті келісу есепті қалыптастыру күнінен 10 (он) жұмыс күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

3. Біліктілік орган әлеуетті өнім берушінің атауы, мәртебесі, деректемелері, жеткізілетін тауарлар, жұмыстар, қызметтер, біліктілік критерийлеріне сәйкестік деңгейі және сатып алуды өткізу үшін қажетті басқа ақпарат туралы мәліметтерді қамтитын әлеуетті өнім берушінің құжаттамасын қалыптастырады.
4. Біліктілік органы әлеуетті өнім берушіні Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізу туралы хабардар етеді.
5. Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесі ЭСАЖ біріктірілетін АБІ АЖ-да қалыптастырылады. Бұл ретте білікті әлеуетті өнім берушілер туралы ақпарат күнделікті негізде ЭСАЖ-де өзектендіріледі.
6. Біліктілікті алдын ала іріктеу нәтижелері Біліктілігі алдын ала анықталған әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізілген күннен 2 (екі) жыл (бірінші және екінші сыншылдық деңгейі үшін)/ 3 (үш) жыл (бірінші және екінші сыншылдық деңгейі үшін) қолданылады.
7. Әлеуетті өнім берушінің Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде болу мерзімі аяқталған жағдайда ол Өтінішті қайта беруге құқылы. Бұл ретте әлеуетті өнім беруші осы Стандартқасәйкес біліктіліктілігі бойынша алдын ала іріктеу ресімінен қайтадан өтеді.
8. Құжаттамада қамтылған құжаттарға және (немесе) мәліметтерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, әлеуетті өнім беруші 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды АБІ АЖ арқылы тиісті құжаттарды және/немесе мәліметтерді Біліктілік органына жолдауға міндетті.
9. Біліктілік органы Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде тұрған әлеуетті өнім берушіге қатысты, ол осы баптың 8-тармағын орындамаған жағдайда, «уақытша тоқтатылды» мәртебесін белгілеуге құқылы.

#### **11-бап. Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне өзгерістер енгізу**

1. Білікті әлеуетті өнім беруші Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінен келесі жағдайларда шығарылады:
  - 1) Холдингтің Сенімсіз өнім берушілері тізбесіне енгізілген кезде;
  - 2) Жалған кәсіпорындар тізбесіне енгіліген кезде;
  - 3) Мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушылары тізбесіне енгізілген кезде;
  - 4) әлеуетті өнім беруші және/немесе оның басшысы, құрылтайшылары (акционерлері) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген кезде;
  - 5) Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінде болу мерзімі аяқталғанда.
2. Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті өнім берушілеріне қатысты Біліктілік органы осы баптың 1-тармағы, 1) – 4) тармақшаларына сәйкес резидент елдің ұқсас жүйелерінде/тізілімдерінде/тізімдерінде олардың болуы бойынша әлеуетті өнім берушіні тексеруді жүзеге асыруға құқылы. Резидент елдің ұқсас жүйелерінде/тізілімдерінде/тізімдерінде Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті өнім берушісін анықтау жағдайында Біліктілік органы осы баптың 1-тармағы, 1) – 4) тармақшасына сәйкес Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінен Қазақстан Республикасының бейрезидент әлеуетті өнім берушілерін шығарылады.
3. Білікті әлеуетті өнім беруші осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлар туындағаннан кейін келесі жұмыс күнінде Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесінен шығарылады.
4. Біліктілік орган білікті әлеуетті өнім берушіні енгізілген өзгерістер туралы хабардар етеді.

5. Алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің тізбесіне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат белгіленген тәртіппен Қордың ЭСАЖ-де жаңартылады.

6. Білікті әлеуетті өнім беруші жеткізілетін (шығарылатын) тауарлардың, орындалатын жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің тізбесін келесі талаптармен бір уақыттағы сәйкестігі кезінде өзгертуге және/немесе толықтыруға құқылы:

- 1) тізімге енгізілген тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер және қосымша тауарлар, жұмыстар немесе қызметтер бір текті болып табылады;
- 2) қосымша тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің сыншылдық деңгейі тізімге енгізілген тауарлардың, жұмыстардың немесе қызметтердің деңгейіне сәйкес келеді немесе төмен болады;
- 3) білікті әлеуетті өнім берушінің қызметіндегі технологиялық жабдықтарды пайдалану/пайдаланбау туралы мәліметтер өзгермеді.

## **12-бап. Сатып алу туралы шартты орындау туралы есептер**

10. Тапсырыс берушілер №9 қосымшаға сәйкес нысан бойынша сатып алу туралы шарттардың орындалуы туралы есептерді ұсынады.

11. Егер өнім берушінің сатып алу туралы шартты орындау бағасы теріс болса Тапсырыс беруші тиісті растаушы құжаттарды (бар болса расталған залалдың мөлшерін көрсету), сондай-ақ шарттық қарым-қатынастарды тиісті орындамау фактісін растайтын Тапсырыс берушілердің хаттарын және өнім берушілердің жауаптарын көрсетуі тиіс.

12. Біліктілік орган Тапсырыс беруші берген құжаттарды талдағаннан кейін, сатып алу туралы шартты орындау туралы тиісті есепті әлеуетті өнім берушінің құжаттамасына енгізеді.

